

**6D020300 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған Сабырғалиева Назгүл
Бақтығалиқызының «Қазақстанның батыс өңірлеріндегі дәстүрлі
ислам өкілдерінің рухани-ағартушылық қызметі (XIX ғ. екінші
жартысы – XX ғ. басы)» атты диссертациялық зерттеуіне отандық
ғылыми кеңесші, т.ғ.д., доцент
Нұртазина Назира Дәуітбекқызының**

Пікірі

Ислам өкілдерінің рухани-ағартушылық қызметі Отан тарихында инновациялық тақырыптардың бірі болып табылады. Бір жағынан, бұл аймақтық ислам дәстүрлерін зерттеудің өзектілігімен байланысты. Қазіргі заманғы көзқарас біртұтас исламият жер шарына таралу барысында өзінің бұлжымас қағидалары тұрғысынан тұтастығын сақтаумен қатар, өзара теңқұқылы аймақтық субмәдениеттерді біріктіретін жаһандық макрожүйеге айналғандығын нақты-тарихи контексте көрсетуге мүмкіндік береді.

Аймақтық ислам – мәзһаб пен догматтың ерекшелігі ғана емес, ол аймақтық діни орталықтарда жергілікті рухани көсемдер мен беделді тұлғалардың, өз қасиетті нысандары мен дәстүрлерінің пайда болуына байланысты қалыптасқан дербестілік және толыққандылық.

Екінші жағынан, қазіргі кезде тарихы антропологияландыру (адамиландыру), «тарихтағы тұлға» жаңа әдістемелері бойынша қазақтың молда-ахундары, хазірет-қалпе, ишандарының ғұмырнамалары мен ағартушылық қызметін ашып көрсетудің маңызы артып отыр.

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу батыс өңірлердегі діни-конфессиялық үдерістер аясында діни лауазымды және «халықтық ислам» өкілдері болып табылатын мұсылман дінін насихаттаушылары қызметінің рөлін зерттеуге арналған. Шын мәнінде қазақстандық тарихнамада дәл осылай ғылыми проблема қойылмаған еді, ал діни тұлғаларды көбінесе өлкетанушылар немесе жалпы мемлекеттік-конфессиялық қатынастар мен діни үдерістер мазмұнында ғана қарастырып келді.

Диссертацияда қолданылған жаңа әдістемелік парадигмада жалпы ислам дінінде «ресми» діни қызметкер мен шіркеу іспеттес орталықтандырылған ұйым болмағаны есепке алынады. Осы орайда диссертацияда көтеріліп отырған проблеманың өзектілігі анықтала түседі.

Сонымен бірге, диссертация тақырыбы, сөзсіз, ауқымды, күрделі, санқырлы, пәнаралық сипатта болғандықтан ізденуші барлық сұрақтарға жауап беруі мүмкін емес екені ескерілуі керек.

Диссертацияда қарастырылып отырған проблеманың кейбір тұстары әсіресе ресейлік, сол сияқты қазақстандық және алыс шетелдік авторлар еңбектерінде көтерілген. Әсіресе «указной» молдалар, татар ахундары, жалпы діни-конфессиялық қатынастар тарихы, Орынбор Мұсылмандары Діни мекемесіне (ОМДМ) қатысты аспектілері бірсыпыра зерттелген. Алайда, мүфтиятқа қарамаған, Даланың бейресми дін таратушылары әлі де

«ақ таңдақтар» қатарына жатады. Сол сияқты, батыс өңірлеріндегі жәдитшілдік қозғалыстың мазмұнында діни әрі интеллектуалдық, яғни «синкреттік» тұлғалар қалыптасты.

Олар Ғұмар Қараш, Ғабдұлғазиз Мұсағалиев сынды жаңа әдісті модернистік мектеп-медреселер түлектері болғаны белгілі. Осы тұрғыда олардың рухани-ағартушылық қызметінде қаншалықты дәстүрлі ислам құндылықтары сақталды немесе реформаторлық үрдіс қалай көрініс тапты деген сұрақ туындайды. Қазақ ортасынан шыққан діни қызметкерлер тарихын, рухани келбетін реконструкциялау диссертация авторына белгілі қиындықтар туғызды. Соған қарамастан, біздіңше, автордың бұл мәселені зерттеуі де жалпы алғанда нәтижелі болып шықты.

Аталған ғылыми мәселелер кешенінің өзара байланысын ескере отырып, диссертацияның мазмұнын хронологиялық-проблемалық негізде құрып, белгілі логикалық байланыспен алдымен Ресей империясының дін мен лауазымды діни тұлғаларға қатысты саясатын, «мемлекетшіл» молдалар қызметінің басты ерекшеліктерін, екінші қатарда жәдитшілдікке қатысты ахун, теологтардың қызметі, ал соңында «халықтық ислам» өкілдерінің рухани портретін ашып көрсету міндеттері қойылды. Үш тарауда да материал логикалық сәйкестік бойынша «тұлға», «ағартушылық», «қызмет» сияқты басты категориялар төңірегінде құрылды.

Диссертацияның деректік базасы аталған міндеттерге байланысты мұрағаттық материалдар, қазақ баспасөзі, жарияланған сирек кітаптар, сол сияқты автордың өзі жүргізген далалық этнографиялық материалдарын құрады. Ресейдің, ҚР-нің әртүрлі республикалық, облыстық мұрағаттарындағы діни саясат пен діни қызметкерлерге қатысты құжаттардағы мәліметтер жиналып, талданды. Әсіресе Бөкей Ордасына қатысты қазақ молдаларының қызметі мен рөлін сипаттайтын дереккөздермен жұмыс жасау сәтті болды.

Этнографиялық далалық материалдар қазіргі Қазақстанның батыс өңірлеріндегі мешіттер, мазарлар төңірегіндегі діни қызметкерлер, яғни қазақ тарихында болған хазірет, ишандардың ұрпақтарынан ауызша тарих үлгісімен алынған сұхбаттардан тұрады.

Диссертация мазмұнында осы сопылықпен тығыз байланысты, өңірге есімдері танымал болған діни тұлғалардың халық жадындағы бейнесін қалпына келтіру бағытындағы ғылыми нәтижелері құнды болып табылады.

Диссертацияда дәстүрлі ислам құндылықтарын ұлттық мәдениетпен ұштастыра білген қазақтың діни қайраткерлерінің өңірде отаршылдық дәуіріндегі белгілі қиындықтарға қарамастан имандылықты насихаттап, ұлттық кодты сақтап қалуға қосқан үлесін нақты ғылыми зерттеу нәтижелерімен негізделеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығына діни процестерді алғаш рет діни көшбасшы тұлғасына байланысты ракурста қарастыру арқылы өңірдегі діни-рухани үдерістерді саяси, әлеуметтік факторлармен біріктіріп зерттеу; ресми және бейресми қызмет еткен ислам қызметкерлерінің айырмашылығын анықтау, молдалардың шариятты атқару жұмысының нақты мазмұнын

ашып сипаттау; аймақтағы ислам толыққанды болғандығы жайлы тезисті нақты тарихи-этнографиялық құжаттармен негіздеу; қажылардың бейресми дінді тасымалдаушылары болғаны туралы идеяны ұсыну және оны құнды деректермен негіздеу сияқты жаңа нәтижелер құрайды.

Сонымен қатар, Орынбор Мұсылмандары Діни Мекемесінің «Махкам-и шарийа исламийа» деп аталғанын, осы себепті «махкама» яғни мекеме сөзін негізге ала отырып осы ұйымның атауын қазақ тіліндегі тарихи еңбектерде «Орынбор мұсылмандары рухани жиналысы» дегеннен гөрі (себебі бұл шіркеулік-православтық «собор» сөзімен түбірлес «собрание» сөзін түп-тура аударуы нәтижесінде филологиялық тұрғыдан сөзжасамдық калька) алғашқы мүфтиятты «Орынбор мұсылмандарының діни мекемесі» деп аударуды ғылыми көпшілікке ұсынуы да белгілі дәрежедегі жаңашылдық болып табылады.

Сабырғалиева Назгүл өз диссертациясында бірқатар ғылыми тұжырымдарды алға тартады.

Зерттеулер нәтижесі бойынша ОМДМ саясатының қайшылықтары анықталып, Бөкей Ордасындағы жағдайдың ерекшеліктері, жалпы діни тұлғалардың әртүрлі категорияларының қарым-қатынастары, статустары, көзқарастары, сандық, сапалық көрсеткіштері әлі де терен зерттеуді қажет ететініне байланысты қорытынды жасалады; ислам дінінің әсіресе батыс аймақтарда әрқашан ықпалды рухани фактор болғандығы, ұлтты ұйыстыруда, мәдени бірейгейлікті сақтауда маңызды рөл атқарғаны негізделеді; қажылық контекстінде аймақтан Мекке-Мединеге барған қажылардың беделі, олардың діни өмірдегі өз орны анықталды; халық арасында қызмет еткен атақты молда, ишандарға қатысты құнды материалдар жиналып, ғылыми айналымға қосылды; дәстүрлі ислам құндылықтары насихаттаған мешіт-медресе, мазарлар, яғни рухани ошақтарды зерттеу арқылы діни тұлғалардың қызметінің нәтижелері ашылып көрсетілді.

Жалпы, диссертацияда діни тұлғаларды «тарихтың субъектілері» деп атауға болатындығы кешенді зерттеу арқылы негізделді.

Ұсынылып отырған зерттеудің жаңалығы және келешегі оның кешендік пәнаралық сипат алуында, сол сияқты жеке тұлғаны тарихты антропологияландыру (адамиландыру) бағытында қарастырылуында болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың жекеленген тұжырымдары отандық және шетелдік ғылыми журналдардағы ғылыми мақалаларда, сондай-ақ республикалық және халықаралық конференция материалдарында жарияланған.

Сабырғалиева Назгүл Бақтығалиқызы ұсынып отырған «Қазақстанның батыс өңірлеріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани-ағартушылық қызметі (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы)» атты диссертациялық жұмысы ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сай орындалған және оны философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «6D020300–Тарих»

мамандығы бойынша Диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми жетекші, т.ғ.д.,
әл-Фараби ат. ҚазҰУ
Қазақстан тарихы
кафедрасының доценті

Н.Д. Нұртаева

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
директору және профессоры, Қазақстанның Білім және Ғылым

САБАСЫ

Начальник управления образования и науки Республики Казахстан
и член Академии наук Республики Казахстан

РЕ. Кудайбергали

